

20. Dosbenbetova A.Sh., Karmanova A.S. Bolashak mugalimderdin tsifrlyk tekhnologiialardy koldanu kuziretiligin kalypastyrudyn keibir maseleleri [Some issues of forming the competence of future teachers in using digital technologies]. *Tauelsiz Kazakstan: Zamanai bilim aleueti men zhetistikter: Khalyk. gyl.- tazh. konf. mater., Syrdaia universiteti, 2021, 134-139 b [in Kazakh].*

ҒТАХР 14.35.09.

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2023.80.4.024>

М.С. Султанова,^{1*} А.Б. Муканова,¹ Д.С. Ахметжанова¹

¹Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

КЕЙС ӘДІСІН ЖОО-НЫҢ ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ ПАЙДАЛАНУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Аңдатпа

Мақалада жаңартылған білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес белсенді оқыту әдісі - кейс әдісінің тәжірибелік мүмкіндіктері қарастырылады. Ол екі негізгі бағытта ұсынылады: бірінші – қоғамда білім, ғылымның қарқынды дамуына сәйкес жеке тұлғаның бойындағы қалыптасатын қабілеттерін, ақыл-ой дағдыларын одан әрі дамытуға, оқу материалдарының ақпараттарын өңдей алатындай дағдыларын жетілдіруге бағытталса, екіншісі – осындай күрделі талаптарды қанағаттандыратын құзыретті маманның өзгермелі кәсіби ортада жүйелі де тиімді ерекше әрекеттерімен байланыстырылады.

Болашақ музыка мұғалімі «Негізгі музыкалық аспап (домбыра)» жеке сабағы мен «Музыка пәнін оқыту әдістемесі» курсына құрастырған оқу кейстері арқылы өздерінің аналитикалық ойлау дағдыларын көрсетеді және оны жетілдіре түседі, топпен жұмыс жасау барысында педагогикалық жағдаяттардың ең ұтымды шешімдерін табуға машықтанады. Авторлар, сонымен бірге мектептегі музыка сабағының тақырыптарына сәйкес студенттердің кейстерді өзбеттерінше құрастыру мүмкіндіктерін қарастырып, бірнеше үлгілерін алға тартады.

Түйін сөздер: жаңартылған бағдарлама, белсенді оқыту, кейс әдісі, музыкалық білім, оқыту әдістемесі, шығармашылық қатынас, құзыреттілік, сыни ойлау.

Султанова М.С.,^{1*} Муканова А.Б.,¹ Ахметжанова Д.С.¹

¹Казахский национальный женский педагогический университет,
г. Алматы, Казахстан

ВАЖНОСТЬ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ КЕЙС-МЕТОДА В УЧЕБНОМ ПРОЦЕССЕ ВУЗА

Аннотация

В статье рассматриваются практические возможности метода активного обучения – кейс метода в соответствии с требованиями обновленной образовательной программы. Он представлен в двух основных направлениях: первое – дальнейшее развитие умственных навыков, формируемых способностей личности, совершенствование навыков обработки информации учебного материала и второе – связь с системными и эффективными особыми действиями компетентного специалиста, удовлетворяющий таким сложным требованиям в изменяющейся профессиональной среде.

Будущие учителя музыки демонстрируют и совершенствуют свои аналитические навыки мышления путем составления учебных кейсов в курсе «Методика преподавания музыки» и на индивидуальном занятии «Основной музыкальный инструмент: домбыра», в процессе групповой работы обучаются навыкам поиска рациональных решений педагогических ситуаций. Авторы также рассматривают возможности самостоятельного конструирования студентами кейсов и представляют несколько своих моделей в соответствии с темами школьного урока музыки.

Ключевые слова: обновленная программа, активное обучение, кейс метод, музыкальное образование, методика преподавания, творческий подход, компетентность, критическое осмысление.

Sultanova M.,^{1*} Mukanova A.,¹ Akhmetzhanova D.¹
¹Kazakh National Women's Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan

THE IMPORTANCE OF USING THE CASE METHOD IN THE EDUCATIONAL PROCESS OF THE UNIVERSITY

Abstract

The article considers the practical possibilities of the method of active training - case study method in accordance with the requirements of the updated educational program. It is presented in two main directions: first-further development of mental skills formed by the abilities of the person, improving the information processing skills of the training material and the second - communication with systemic and effective special actions of a competent specialist, meeting such complex requirements in a changing professional environment.

Future music teachers demonstrate and improve their analytical thinking skills by preparing study cases in the course «Methods of teaching music» and at the individual lesson «Main musical instrument: dombyra», through group work they are trained in the search for rational solutions to pedagogical situations. The authors also consider the possibilities of independent construction of cases by students and present several of their models according to the themes of the school music lesson.

Keywords: updated program, active training, case method, musical education, teaching methodology, creative approach, competence, critical thinking.

Негізгі ережелер. Жалпы, Гарвард университетінде бастау алған кейс әдісі қазіргі таңда сапалы білім беруде қолданылатын қолайлы әдістердің бірі болып танылады, білім алушылар тарапынан қызығушылықтарын оятып, аз уақыт ішінде мәселені ортақ зерттеп, дұрыс шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Оқу-әдістемелік материалдар жиынтығы және кейбір жағдаяттарды сипаттау ретінде қолданылатын кейс әдісін нақты жағдаятты талдау әдісі деп атауға да болады. Ал жағдаятты шешу, оқытушы мен білім алушылар тарапынан шығармашылық еркіндікті талап етеді.

Кейс әдісін педагогикалық үдерістің интерактивті әдісі ретінде қарастырған зерттеушілер «оны қолдану барысында білім алушыларға педагогикалық жағдайдың шешімін табу еркіндігі беріледі, сондай-ақ оны шешу міндеттерін дербес тұжырымдауға, олардың талдау қабілетін дамыта отырып, шешімдерді жұртшылық алдында қолжетімді түрде баяндауға мүмкіндік береді деген пікірді алға тартады [3, 58 б.]. Білім алушылар мәселенің шешу жолдарын өздерінің білімдеріне сүйене отырып қабылдайды. Осы тұста оқытушының басты міндеті – шығармашылық жағдаятты тудыра отырып, студенттердің алған білімдеріне сүйеніп, идеяларды жинақтау, оны орындату барысында олардың белсенді болуына екпін қойып, бақылап, бағалау, тәжірибе жүргізуге даярлау.

Оқытудың интербелсенді әдістерін (кейс әдісін) қолдану арқылы оқушылардың музыкаға қызығушылығын дамытатын болашақ маман – мұғалім қандай болмақ деген сауалға тоқталсақ, кәсіби деңгейі жоғары, шығармашыл тұлға болуы тиістігін алға тартамыз. Ал шығармашыл мұғалім – кәсіби маман, ол алдыңғы қатарлы прогрессивті ой-байламдарды терең зерделейтін, сыни көзқарасы қалыптасқан, идеяларға бай, өзінің әрі өзгенің іс-әрекеті мен қызметіне рефлексия жасай алатын тұлға деп танымыз. Сонымен қатар, шығармашыл мұғалімнің қызметінде педагогикалық импровизацияның орны ерекше екендігін айтып өту қажет. Ғалым А.Маркова педагогикалық ойдың, идеяның пайда болуы; педагогикалық мақсаттың мәнін бір сәтте ұғынып, оны жүзеге асыру жолдарын жылдам таңдай алуы; педагогикалық идеяны жұртшылық алдында нақты көрсетуі; педагогикалық идея бойынша ой түйіп, талдау жасау сияқты төрт кезеңнен тұратын импровизацияны - «күтпеген педагогикалық шешімдерді тауып, оны жүзеге асыра білу» [4, 50 б.], - деп нықтайды.

Шеберліктің белгісі, оқу үдерісінің шыңы ретіндегі педагогикалық импровизация жасау үшін студент кейс әдісін құрылымдауға, талдауға, рефлексиялауға дағдылануы қажет деп ерекше атап өтеді. Болмаса, кейс әдісін оқу үдерісінде қолдану мұғалім мен оқушы тарапынан шеберлікті қажет етеді десек болады. Қазіргі таңда әрбір пәнге қатысты дәрістік, зертханалық сабақтар мазмұны интербелсенді әдістерге негізделініп жүргізіледі. Осы тұрғыда А.Әлімовтың «Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері» атты оқу құралында [5] келтірілген Вильям Глассердің таным процесінің барысына сүйенсек, «біз білімнің он пайызын оқығанда, жиырма пайызын тыңдағанда, отыз пайызын көзбен көргенде, елу пайызын көзімен көріп, тыңдағанда, жетпіс пайызын

пікір таластырғанда, сексен пайызын тәжірибе жасағанда, тоқсан бес пайызын басқаларды үйреткенде игереміз» деген көзқарасын оқу-тәрбие үдерісіндегі маңызды, әрі өзекті мәселе деп танымыз.

Кіріспе. Бәсекеге қабілетті болашақ маманның кәсібилігі, дүниетанымдық, азаматтық және адамгершілік ұстанымдары, өзін-өзі дамытуы, өмір бойы білімін жетілдіру дағдылары мен кәсіби табысқа бағдарлануы тікелей жоғары оқу орындағы сапалы білімге, меңгерілетін пәндердің терең мазмұндылығына, оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерінің тиімді қолданылуына байланысты [1]. Қазақстандық ЖОО-ның бәсекеге қабілеттілігін арттыру, оқыту үшін қолайлы жағдайлар мен орта жасау, білім беру сапасын арттыру сияқты өзекті мәселе «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасында нақтылана түседі [2]. Бүгінде көптеген негізгі әдістемелік инновациялар оқытудың интербелсенді технологияларын (тренингтер, дебат, жобалау, іскерлік ойындар т.с.с.) пайдаланумен тікелей байланысты. Интербелсенді оқытудың түп негізі – білім алушылардың барлығы дерлік бір мезетте таным үдерісіне тартылуында болмақ. Ал таным үдерісінде білім алушылардың жаңа материалды меңгеруі, жүргізетін ортақ іс-әрекеттер барысында олардың әрбірінің белгісізді тануда жеке үлес қосуы, терең білімі мен жаңа тәсілдер, тың идеяларымен бөлісуі жүріп жатады. Дәл осы жағдайда, олардың өзіндік ойлау деңгейлері және оны тәжірибеде қолдана алу дағдылары қалыптасып, өз пікірін дәлелді тұрғыда айтуға ықпал етеді, өздерінің және өзгенің де іс-әрекеттеріне сыни көзқарас білдіре отырып, рефлексия жасау мүмкіндіктері дами түседі.

Олай болса, жаңартылған білім беру бағдарламасындағы басты қарастырылатын мәселелердің бірі – интербелсенді оқытуға көшу, оқытудың жаңа тәсілдері десек, осы тұста оқыту үдерісінде қолданылып жүрген кейс әдісінің тиімділігі неде, болашақ музыка мұғалімдері оны оқу үдерісіне енгізуге қаншалықты дайын деген мақсатта мақала бағытын айқындадық.

Материалдар мен әдістер. Кейспен жұмыс жасаудағы қалыптасатын педагогикалық дағдыларды біз «белгілі бір жағдайларда белгілі бір іс-әрекетті орындау мүмкіндігін қамтамасыз ететін білім мен икемді дағдылардың жиынтығы» ретінде анықтай аламыз. Қалыптасудың бірқатар кезеңдерінен өтіп, шеберлік, сайып келгенде шығармашылыққа айналады» [6, 135 б.]. Педагогикалық білім берудің теориясы мен практикасын, әдіснамасын зерттеген ғалым А.Сластениннің пікірінше, кез-келген іс-әрекет шеберлігінің басты көрсеткіші арнайы жалпыланған дағдыларды меңгеру деп санайды [7]. Өз тарапынан ғалым Р.Джердималиева «Музыкалық білім беру педагогикасының заманауи теориялары мен тұжырымдамаларын түсіну арқылы болашақ музыка мұғалімдері белгілі бір мәселе бойынша өз ұстанымдарын білдіруде өз дәлелдерін анықтауға үйренеді, жалпылама талдау дағдыларын игереді», - деген өте құнды ой айтады [8]. Зерттеуші К.Бұзаубақованың пайымдауынша, болашақ мұғалімдер педагогикалық жағдаяттарды шешу нәтижесінде мектептің оқу-тәрбие үдерісіне оңтайлы әдістерді таңдау, қолдану, ақпараттық көздерді тиімді пайдалану, өз міндетін кешенді орындауы және талдау арқылы ойлау қабілеттілігі, топтық жұмыста шығармашылықпен шешім қабылдау, педагогикалық үдерісті бақылау, нәтижесін шығару сияқты кәсіби шеберлікті меңгеруіне тікелей байланысты [9, 6 б.]. Олай болса, заман талабына сәйкес педагогикалық импровизация жасайтын шығармашыл мұғалім өзінің кәсіби деңгейін әрдайым жетілдіріп отыруы тиіс.

Кейс әдісін қолдану алдымен *оқытушының*, содан кейін *білім алушылардың* шығармашылығын, ой-өрісін, сөздік қорын байытып, тәжірибесін шыңдай түседі. Олай дейтініміз, екі кезеңнен тұратын кейс әдісін құрастыруда *оқытушы* төмендегідей шығармашылық іс-әрекеттерді орындайды:

1-ден, тақырыпқа сәйкес жағдаяттарды таңдап, оның мақсат-міндеттерін айқындай отырып, жағдаятты құрастырып, түсінікті етіп суреттейді;

2-ден, мұғалімнің кейс әдісін оқыту үдерісінде қолданылуы, жағдаяттың шағын топтарда талдатып, пікірталас жасап, қорытынды шығартады.

Ал, *білім алушылар* тарапынан зерттеу барысында бір-бірімен өзара тығыз байланысты келесідей дағдылар қалыптасады. Олар: талдау, тәжірибелік жұмыс жүргізу, коммуникативтік, әлеуметтік қарым-қатынаста болу, шығармашылыққа жетелеу, нәтижелерін саралау т.с.с.

Бұл әдіс оқышылардың ақпаратпен жұмыс жасау дағдыларын дамытса, сонымен қатар шешім қабылдауда оны сыни тұрғыда бағалай алуға үйретеді, белгілі бір ортада коммуникативті қарым-қатынасқа түсіп, ойлау, зерттеу дағдыларын қалыптастырады, оны жетілдіре түседі, шынайы өмірде кездесетін белгілі бір кейске ұқсас мақсатта шешімді тиімді қолдану мүмкіндіктерін арттырады [10]. Олай болса, кейс әдісі – оқытудың тиімді стратегиясы ретінде оқышылардың пәнге қызығушылығын тудыра отырып, белсенді оқуына ықпал етеді, зияткерлік дағдыларын дамытады. Мұғалім тарапынан оңтайлы құрастырылған кейстер білім алушыларға проблемалық жағдаяттың маңызды тұстарын терең түсінуге мүмкіндік береді, оларды ойлау үдерісінің жоғары сатысы – талдау мен жинақтауға бағыттайды..

Кейс әдісіне қатысты қомақты еңбектердің авторы, ағылшын зерттеушісі Роберт Йен, «кейс стадиді құбылыс пен контекст арасындағы шекаралар айқын болмаған кезде қолданылатын және әртүрлі ақпарат көздерін пайдаланатын нақты өмір контекстінде белгілі бір құбылысты зерттейтін эмпирикалық әдіс», – деп таниды [11, 50 б.]. Ғалым С.В. Гончарова, кейс әдісін практикалық сабақтарды ұйымдастыру тәсілі ретінде «жағдайларды талдау, баламаларды бағалау, ең жақсы нұсқаны таңдау және оны жүзеге асыру жоспарын құру» сияқты басты деңгейлерін атай отырып, «тәжірибелік мәселелерді шешуде студенттердің тұрақты дағдыларын қалыптастыруға, қабілеттерін дамытуға ықпал етеді», – деп нақтылай түседі. Оның пайымдауынша, бұл әдісті оқу үдерісінде қолданудағы негізгі мақсат: «әрбір білім алушыны барынша белсендіру және жағдаяттарды талдау мен шешім қабылдау үдерісіне тарту, сондай-ақ шағын топта жұмыс істеу және шектеулі ақпарат пен уақыттың жетіспеушілігі жағдайында тез шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыру. Ол кейс бойынша шағын топтар жұмысының келесі реттілігін ұсынады: 1-ден, шағын топ жұмыс істейтін мақсатын (тақырыбын) айқындап, жазып алады; 2-ден, осы тақырыпқа арналған нұсқаулықта тұжырымдалған сұрақтарды құрастырады; 3-ден, әрбір мәселе бойынша қысқаша пікір білдіріліп, топ мүшелерінің біреуі (модератор) оларды жазады; 4-шіден, жалпы пікірді тұжырымдау, бұл қойылған мақсаттың шешімі болады» [12, 4 б.].

Зерттеуші А.М. Гуревич кейс әдісімен жұмыс жасаудағы практикалық дағдыларды келесідей жеті негізгі білім беру мақсаттары негізінде қалыптастыруға болатындығын алға тартады. Олар: қойылған міндет негізінде қажетті шешім қабылдау; дәйекті және логикалық ойлау; талдау жүргізу және оның негізделген нәтижелерін сенімді түрде ұсыну; мәселені шешуге қатысты негізгі мәселелерді бөліп көрсету және бағалау; қойылған міндетті шешу үшін аналитикалық және сандық талдау құралдарын қолдану; қойылған міндетті шешуде өзінің құзыреттілігін көрсету; жағдаяттарды мұқият талдау үшін, болмаса нақты және негізделген іс-әрекет жоспарын құрастыру үшін қолда бар деректерді тиімді пайдалану [13]. Кейс-стадиді білім алушылардың зияткерлік қабілеттілігі мен шығармашылық белсенділігін қалыптастыруда қолдану тиімділігін атай отырып, ізденуші Н.А. Геєц «бұл іс-әрекеттің практикалық, оқыту немесе ғылыми-зерттеу болып табылатындығына қарамастан, іс-әрекетті оқытудың кешенді құралы», – деп таниды [14, 4 б.].

Демек, кейс әдісін қолдану теориялық білім мен практикалық мәселелердің үйлесімділігі негізінде жүзеге асады. Оқу мақсатына қарай кейстердің келесідей түрлерін атап өтсек, олар білім-білік-дағдыларды бекітетін *тәжірибелік кейс*, оқу-тәрбие міндеттерін шешетін *оқытушылық кейс*, зерттеушілік қабілетті дамытуға бағытталған *ғылыми-зерттеушілік кейс*. Мұндай кейс түрлерімен жұмыс, алдымен оны құрастыру дағдыларына тікелей байланысты. Ал, кейстерді құрастыру дағдылары оқу үдерісінде жүзеге асады. Ол шығармашылық мәселелерді шешуге қатысты студенттердің ақыл-ой әрекетін, атап айтқанда сындарлы іс-әрекет ретінде оқыту материалдарын іріктеу, құрастыру, жобалау (Н.В.Кузьмина); белгілі бір педагогикалық құбылысты, оның ең маңызды шарттары мен ерекшеліктерін сипаттау, ойша құрастыру (С.Х. Костанян); операциялар мен әрекеттерді біріктіру қызметін ұйымдастыру (П.Якобсон); әдістемелік әрекеттерді қайта қарастыру және өзін-өзі жетілдіруге бағытталған шығармашылық қызметті (Р.Р.Жәрдемалиева) қамтиды. Осы ретте, кейс әдісінің артықшылығын былайша топтастыруға болады: академиялық теорияны нақты оқиғалар тұрғысынан көрсетуге; студенттердің белгілі бір пәнді оқытуға, басқа пәндер мен құбылыстар контекстінде қызықтыруға мүмкіндік береді; ақпаратты жинау, өңдеу, талдау бойынша білім мен дағдыларды белсенді игеруге ықпал етеді [14, 130 б.].

Ғалымдардың кейс әдісіне қатысты алға тартқан барлық ой-тұжырымдарына сүйенсек, мұғалім кейс әдісін белгілі бір тәжірибеге негіздеп, оқу үдерісіндегі жағдаяттарға сәйкестендіріп, жазбаша даярлайды, содан білім алушыларға ұсынады. Ал олар өзбеттерінше мәселенің шешімін тауып, нәтижесінде шынайы өмірде қолданатындай оны құрылымдайды. Олай болса, білім алушылар кейспен жұмыс жасауда мынадай мәселелерге көңіл бөлу қажет. Алдымен ұсынылған жағдаятқа қатысты шағын топта білдірілетін әрбір пікірді («айтылған әрбір пікір – құнды») назарға алып, жинақталған сұрақтар тізбесіне терең талдау жасайды. Содан оның бірнеше, балама шешімдерін қарастырып, бағалап, тиімді деген шешімді қалдырып және оны жүзеге асыру жолдарын құрастыру керек. Мұғалім кейсті құрастыру барысында мынадай тұстарға, атап айтқанда, кейстің сол сәтте қажеттілігі, білім алушылардың жас ерекшеліктеріне мазмұнының сәйкестілігі, нәтижесінде білім алушылардың нақты дағдыларының қалыптасуына ықпалы және оның шынайы өмірдегі маңыздылығына назар аудару қажет. Ал ол өз кезегінде, мұғалімге кейстің үлгісін жасауға: пәннің

мақсат-міндеттеріне сәйкес оқу материалдарын іріктеуге, оны оқыту барысында қолдануға, сәйкесінше сабақтың түрі мен қолданатын әдіс-тәсілдерін құрылымдауға мүмкіндік береді.

Кейс проблемалық жағдаяттарды тәжірибелік сипатта шешу, олардың басқа да пәндерден алған білімдерімен тығыз байланыстылығымен ерекшеленеді. Осы тұста, Блум таксономиясының деңгейлеріне сүйенгеніміз абзал, яғни білім алушылар танымдық үдерістің білу, түсіну сатысынан қолдану, талдау, жинақтаумен қатар жоғарғы кезең – бағалау деңгейіне жету арқылы олардың коммуникативтік қарыс-қатынаста өзара сыни көзқарастары дамып, жетістіктері мен кемшіліктерін байқау арқылы кәсіби бағыттылығы, өмірлік ұстанымдарының қалыптасуына жол ашылады. Кейсті құрылымдауда мынаны да ескеру қажет: кейстің атауы тақырыптың негізгі мәнін ашатындай қысқа да нұсқа, білім алушыларға қызықты болуы тиіс, белгілі бір жағдаяттың тарихи сипаты, ондағы басты тұлғалардың бейнесін ұсыну арқылы әңгімелеп жеткізілуі қажет. Содан оқушылардың қызығушылығын арттыратын, ізденіске жетелейтін тақырып аясындағы мәселені шешуге бағытталған сұрақтар жүйесі құрастырылуы тиіс. Негізгі ақпараттарды, шынайы жағдаяттарды талдап, шешім қабылдау қиындық тудырған сәтте мұғалім тарапынан теңдестіретін шешім ұсынылып, қорытынды жасалынады. Айта кету қажет, жазбаша құрастырылған кейс мазмұнына аудио, бейне жазбаларды, кесте-сызбаларды да ендіруге болады. Ол да болса, білім алушыға ақпаратты толық талдау, жинақтауға мүмкіндік береді.

Жалпы, кейстерді оқыту үдерісінің кез-келген кезеңінде, мәселен жаңа материалды меңгерту және бақылау жүргізу барысында да қолдануға болады. Кейс әдісін қолдану мүмкіндіктерін қарастырған ізденушілер А.Егенисова, А.Дуйсенбаева, оқытушының қызметі екі кезеңнен тұратынын алға тартады: бірінші кезең – кейсті талдауға арналған сұрақтарды құру бойынша күрделі шығармашылық жұмысты орындауы болса, екінші кезең – оқытушының аудиториядағы бірнеше қызметін қамтиды, олар: оның кіріспе және қорытынды сөз сөйлеуі, шағын топтарпен пікірталастар ұйымдастыруы, жақсы көңіл-күйде өткізуіне назар аударуы және студенттердің жағдайды талдауға қосқан үлесін бағалауы. Осылайша, кейс әдісі білім алушылардың мәселені анықтау және талдау; өз ұстанымын нақты тұжырымдау, жеткізу, дәлелдеу, коммуникативті қатынас жасауға талқылау, қабылдау, бағалау; нақты шарттарды ескере отырып, шешімдер қабылдауға дағдыландырады [15, 131 б.]

Кейстерді дәрістермен немесе оқытудың басқа әдістерімен біріктіруге болады, сол арқылы оқытуға көмектеседі. Кейстер дәрістер мен зертханалық сабақтардың алдында ұсынылуы мүмкін, бірақ олар тиісті дәрістерден кейін немесе оқытушының стиліне немесе оқу нәтижелеріне сәйкес келетін кез келген басқа жағдайда ұсынылуы мүмкін. Бұл стратегиялық орналастыру студенттерге оқуын құрылымдауға және кейстің бастапқы талдауын алдыңғы білімге немесе өз зерттеулеріне негіздеуге мүмкіндік береді [16, 132 б.]. Демек, кейс әдісін оқытушының әдістемесінің ерекшеліктеріне сәйкес дәрістер мен практикалық сабақтарда оқытудың басқа да әдістерімен үйлестіре ұсынуға болады дей келе, семинарлық сабақтарда студенттер өздерінің кейс әдісі туралы білімдері мен оны құрылымдау бойынша жұмыстарын жүргізе алады.

Нәтижелер мен талқылау. Кейс негізінде қарастырылатын жағдаят нақты, шынайы және білім алушылардың мүдделері мен қажеттіліктері тұрғысынан өзекті болуы тиіс. Кейспен жұмыс жасаудың мынадай кезеңдерін атап өтеміз: кейске кіріспе кезеңі, жағдайды шағын топтарда талдау, шешімдерді ұсыну, қорытындылау кезеңі (рефлексия) [17, 60 б.]. Кейс әдісінің көмегімен оқытудың теориясы мен практикасын егжей-тегжейлі сипаттаған зерттеушілер М.В. Плотников, О.С. Чернявская, Ю.В. Кузнецова өздерінің оқу-әдістемелік құралында «кейстердің бір бөлігі студенттерге өзбетінше оқуға ұсынылуы мүмкін. Мұндай кейсті шағын топтарда талқыланғаннан кейін (3-кезең) талдаудың негізгі ережелері, ұсыныстары және тиісті дәлелдер келтіреді», – деген пікірін қолдай отырып [18, 19 б.], біз оқу үдерісінде студенттерге кейстерді құрастыру барысында мәтінмен жұмыс жасаудың кең тараған қадамдарына сүйенуді ұсындық.

Атап айтқанда, бірінші қадамда студент мектептегі музыка сабағының тақырыбына байланысты нақты жағдайдың мәтінімен жеке жұмыс жасап, жағдайға қатысты өз пікірлерін қалыптастырып, тапсырма бойынша іс-әрекеттің өзіндік нұсқасын жасайды.

Екінші қадам – шағын топтарда жұмыс жасау барысында мәтіннің тапсырмаларын, сұрақтар жүйесін жинақтап, оларға жауап берудің жалпы нұсқасын әзірлейді, талқылайды, сонымен қатар осы қадамда көпшілік алдында сөй сөйлеуге дайындау талап етіледі.

Үшінші қадамда, әрбір топтың өз нұсқалары тыңдалады, толықтырулар қабылданады, сұрақ-жауаптарға кезек келіп, ол пікірталасқа ұласады. Бұл қадамдағы басты міндет – оқу жағдайында

студенттердің тапсырмаға қатысты мағыналар өрісін кеңейту, қарым-қатынастың негізгі дағдыларын (көпшілік алдында сөйлеу, сендіру) пысықтау. Осы тұста Сократтың маевтика тәсілінің басты мақсаты еске түседі, ол - ынталандыратын, жеңілдететін тапсырмалар беру арқылы шәкіртіне жағдай жасап, белгісізді өзі тануға жәрдем берген. Яғни оқытушы осы қадамда ресурстарды талқылауға білім алушыларды барынша жұмылдыруға тырысу керек.

Ал, төртінші қадамда, оқытушы нақты жағдай мен жұмыс нәтижелерін қорытындылайды. Кейсті құрылымдаудағы жеке студенттерде, топтарда кездескен проблемалық, болмаса сәтті шыққан жұмыстарды бөліп көрсетеді, талқылайды, пікірталас барысында пайда болған ұғымдар мен түсініктер нақтыланады [18, 15 б.]. Жақсы құрастырылған кейсте нақты дереккөздердегі материалдардан алынған дәйексөздерге (айтылған немесе жазылған, ресми немесе бейресми) сүйене отырып, студенттерге жақсы кейс мазмұнын шынайылықпен талдап, түсіндіру мен нәтижесінде қабылданған шешімдерін жоғары бағалау талап етіледі [19].

Студенттер жоғары оқу орнындағы кәсіби білімдеріне (негізгі музыкалық аспап (домбыра), дирижерлау, вокал т.с.с.) сүйене отырып, «Музыка пәнін оқыту әдістемесі» курсына «Музыка сабағында интербелсенді әдістерді пайдалану», «Музыка сабағын жаңа бағытта жоспарлау түрлері» тақырыбындағы практикалық семинар сабақтарда бірнеше кейстерді құрастырып, жоспарланған ықшамсабақта олармен жұмыс жасау мүмкіндіктерін меңгере алды.

Кейстерді құрастыруда кубизм, деал әдістерін қолдану білім алушылардың өз деңгейлерін тексере отырып, зерттеу барысын нықтай түсуге бағыттайды. Жоғары оқу орнындағы пәндерде студенттер «Деал» әдісі негізінде кейс құрастыруға мүмкіндік алды. Сондай ақ, кейстерді әзірлеуде «кубизм» (текше) әдісінің мүмкіндіктері де ерекше екендігі айтылды. Сұрақ-тапсырмалар алдын-ала бөлінген шағын топтарда текшенің әрбір қырының тапсырмаларын орындау арқылы талданады. Мәселен, текшенің қырларындағы тапсырмалардың бағыты мынадай болды: Текшенің 1-ші қыры - «суретте», 2-ші қыры - «байланыстыр», 3-ші қыры - «салыстыр», 4-шісі - «талда», 5-шісі - «қолдан», 6-шы қыры - «дәлелде». Әрине, кейс нәтижесін талдауда студенттердің презентация арқылы интеллектуалды өнімдерін көпшілік алдында қорғауы, кейсті пайдалану мүмкіндіктерін көрсетуі, сонымен қатар топтардың сын-пікірлеріне төтеп беру қабілеттерінің қалыптасады.

Студенттерге кейс мазмұнымен (мысалы, алғашқы екі кейс) танысып, сұрақтар жүйесін даярлау қажет дей отырып, оны шағын топтарында 10-15 минут аралықта талдап, көпшілік алдында презентациялау керектігі де тапсырылды. Төменде ұсынылып отырған студенттердің өзбеттерінше құрастырған кейс үлгілері жалпы білім беретін мектептегі музыка сабағының мазмұнына, пәннің тақырыптарына, оқу мәтіндеріне, музыка сабағының шынайы проблемалық жағдаяттарына, сабақты меңгеруде кездесетін қызықты тарихи фактілерге екпін қойылып даярланды.

№1 кейс - «Күй атасы»

Аса көрнекті композитордың шығармашылығын еске түсірсек, XIX ғасырда өмір сүрген, туған өлкенің табиғатын, елін-жерін домбыра үніне қосқан. Ол күй өнері арқылы әділетсіздік пен теңсіздікке, озбырлық пен зорлық-зомбылыққа қарсы күрескен дара тұлға. Оның кереметтей басты музыкалық туындысы негізінде оның тұлғалық бейнесін көре аламыз. Кейс атауын өздері қою қажеттілігінен топтар талдаудан кейін оған «Күй атасы» деген айдар тақты.

Жағдаяттың шешімін табуға бағытталған келесідей сұрақ-тапсырмалар қойылады:

1. Өңгіме кім жайында? Қай жылдары өмір сүрген?
2. Қандай күйлерін білесіңдер?
3. Күйлерін кімдердің орындауында естідің?
4. Тепсе темір үзетін қуаты, алайдүлей ат-шабыс, жорықты суреттейтін күйі қалай аталады?
5. Күйдің тарихи, көркемдік сипатын ашыңдар
6. Шығарманың екпіні, ырғағы, динамикалық белгілерін еске түсірейік?
7. Күй эстрада жанрында орындалса, күйдің негізгі мазмұны, орындаушылық ерекшеліктері, бояуы өзгереді ма?

№2 кейс - «Ақын, әнші, сазгер».

Қазақ даласы өнерпаздармен бай. Ол XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қазақ әнші-сазгерлерінің ең таңдаулы өкілдерінің бірі, шоқтығы биік жұлдыздарының бірегейі. Бір басына ақындық, әншілік, сазгерлік сияқты керемет дарын қонған өнерлі жан. Мына музыкалық шығарманы аудиожазбадан тыңдаңыздар. Бұл туындының шығуына не себеп болды?

Әрі қарай тақырыпқа тереңдеу үшін тапсырмаларды шағын топтармен талдауды ұсынамыз:

1. Бұл қай тұлға? Қай жерде дүниеге келді?
2. Сәйгүлігіне арналған әнінің атауын неге олай атады?

3. Оның басқа да қандай әндерін білеміз?

4. Әндерінің (2-3-уі) орындалу ерекшеліктерін Венн диаграммасына салып, талдаңдар.

№3 кейс – «Жырау».

Сыр өңірінің тарихи дәуіріндегі асқан жырау. Күйлері адамгершілік, дүниетанымдық сипатымен ерекшеленеді, қоңыр үнді, саф тазалығымен, халық арасында өз мәнін жоймаған, аңыз-күй, әңгімелері мен берілетін баталары философиялық ойға толы және мазмұнды. Ол ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, рухани мәдениетті өркендетіп, тәрбие мәселелерін шешуде мәнін жоғалтпаған құнды дүние қалдырған. Кейсті «Деал» әдісімен талдаңдар.

1.Болашақты болжайтын данагөй ойшыл, әңгіме кім туралы?

2.Қандай күйлерін білесіңдер, оның күйлері қандай аспапта ойналады?

3.Кейінгі кезде осы аспапта ойнап жүрген күйшілерді атаңдар.

4.Белгілі бір күйінің мазмұнын, оның орындаушылық ерекшеліктерін сипаттаңдар.

№4 кейс - «Музыкалық аспапты сипатта». Бұл кейстің тапсырмалар бағытын құрылымдауда кубизм (текше) әдісін қолдану ұсынылды.

Ежелден келе жатқан аспап. Адам мен жануардың үнін, табиғаттағы құбылыстар мен дыбыстарды жеткізетін бұл аспап ерекше үнге бай, киелі, қасиетті деп танылады. Біқылым заманнан бері жылқының қылынан тартылып келді. Оркестрде ойып тұрып алатын орны бар бұл аспапты жылқының қылын тарту арқылы жасайды, әрине ол үлкен шеберлікті талап етеді. Қазіргі кезде эстрада жанрында да музыкалық шығармаларды бұл аспаппен орындауларды кездестіруге болады. Кубизм (текше) әдісі негізінде құрастырылған кейстің сұрақтары:

1. Аспаптың дыбыстық үнін сипаттаңдар.

2. Аспапты терең меңгерген орындаушылар мен сазгерлерді атаңдар

3. Бұл аспаптың басқа да түрлерін үніне қарай ажыратып, салыстырыңдар.


4. Аспапты Б.Сарыбаевтың классификациясы бойынша топқа бөліп талдап, жинақтаңдар.

5. Осы аспапта орындалған, музыка сабағында тыңдалған басқа да шығармалардың тізбегін құрастырыңдар.

6. Бұл аспаптың оркестрдегі маңыздылығы қандай? Неге?

Текшенің әрбір қырындағы тапсырмаларды орындау, айқындап, шешу арқылы оқушылар өз білімдеріне сүйене отырып, қосымша ақпараттарды іздестіреді, белгілі бір жағдаяттың шешімін табады, өз пікірлерін көпшілік алдында презентация жасау арқылы дәлелдей алады. Оқушылар меңгерілген тақырыптың деңгейін, нәтижесін өзара бағалау арқылы білдіреді.

Дәріс, практикалық сабақтардан кейін 3 курс студенттерінің меңгерген кейс әдісінің мәні мен қызметі туралы білімдерін, практикалық сабақта оны қолдану дағдыларының қалыптасқандығын анықтау үшін (28 студент қатысты) бірнеше сұрақтан тұратын сауалнама жүргізілді. Мәселен, «Музыка мұғалімі үшін кейс әдісін меңгеру қажет деп ойлайсыз ба. Неліктен?» деген сауалға «Кейс әдісін мұғалім мен оқушының қарым-қатынасын реттейді, білім үдерісін дамытады, логикалық ойлау мен шешім қабылдауға үлкен септігін тигізеді деп 18 студент (64,2%) жауап берсе, «жанартылған білім беру бағдарламасымен жұмыс жасайтын мұғалім (жаңа формациядағы мұғалім) сабақта бірнеше әдістермен қарулануы тиіс. Соның ішінде кейс әдісінің мүмкіндіктері зор» деген ойды 7 студент (25%) білдірді, ал 3 студент (10,8%) «егер сабақта қолданатын болсақ, қажет...», яғни әлде де ол жайында ойлану керектігін алға тартады.



Сурет 1. Музыка мұғалімінің кейс әдісін меңгеру қажеттілігі бойынша сауалнама нәтижесі

Келесідей «Оқушыларға арналған кейс мәтінін, тапсырмаларын құрастыру қаншалықты қиындық тудырды?» деген сауалға «қиындық тудырмады, кейс мәтінін, тапсырмаларды құрастыру жеңіл болды» деп 14 студент (50%) ойларын жеткізсе, 9 студент (32,1%) «мәтінді құрастыру оңай болғанымен, оған тапсырмалар жүйесін жинақтау қиындық тудырды» және 5 студент (17,8%) әлде де «қиналатындығын білдірді. Демек, инновациялық әдістер қатарындағы кейспен жұмыс жасау студенттерге жаңа ой тастап, қызығушылықтарын арттырса, сонымен қатар оны басқа да пәндер мазмұнына енгізу қажеттілігін, студенттердің әлі де болса оған жан-жақты дайындалу керектігін байқатады.



Сурет 2. Кейс мәтіні мен тапсырмаларды құрастырудағы қиындықтардың көрсеткіші

Оқытудағы тиімді белсенді әдістердің бірі ретінде кейс әдісінің болашақ мамандарды кәсіби даярлауда маңыздылығын былайша жинақтауға болады:

- оқу үдерісіндегі жағдаятты талдау, жоспарлау және шешім қабылдау қабілеттерін дамытатын бірыңғай ақпараттық кешен;
- академиялық теорияны болашақ кәсіби қызметтің нақты оқиғаларында қолдануға үйрететін, кәсіби маңызды ақпаратты талдаудың білімі мен дағдыларын белсенді игеруге ықпал ететін әдіс;
- студенттердің кәсіби дағдыларын: аналитикалық (жіктеу, бөлу, талдау), шығармашылық (креативті ойлау), коммуникативті және әлеуметтік (тыңдау және есту, өзара әрекеттесу және қарым-қатынас жасау, сендіру), практикалық дағдылар (академиялық теорияларды, әдістер мен принциптерді практикада қолдану) қалыптастыратын үдеріс [20].

Әрине, педагогикалық практика барысында басқа да проблемалық жағдаяттар көптеп кездесіп отырады. Оны әдіскер мен пән мұғалімінің көмегі арқылы практикант-студенттердің шешу мүмкіндіктері бар. Ол да болса, практиканың болашақ маман үшін өте қажет екенін, кәсіби дағдыларының қалыптасуына, келешекте зерттеу нысанын айқындап, оны тиімді шешуге үлкен мүмкіндік деп тани аламыз. Проблемалық жағдаяттарды, кейстерді тәжірибелік сипатта шешу, олардың басқа да пәндерден алған білімдерімен тығыз байланыстыруда Блум таксономиясының деңгейлеріне сүйенгендері дұрыс. Яғни білім алушылар танымдық үдерістің білу, түсіну сатысынан қолдану, талдау, жинақтаумен қатар жоғарғы кезең – бағалау деңгейіне жету арқылы олардың коммуникативтік қарым-қатынаста өзара сыни көзқарастары дамып, жетістіктері мен кемшіліктерін байқау арқылы кәсіби бағыттылығы, өмірлік ұстанымдарының қалыптасуына жол ашылады деп танимыз.

Жалпы, жоғарыда ұсынылған топтама бағытына қосыла отырып, біз білім алушылардың кейстерді құрастыру, пайдалану негізінде тақырыпты тез әрі берік меңгергендігін айғақтаумен қатар, олардың сауатты ойлауға және оңтайлы шешімдер қабылдауға, құзыретті маман даярлаудағы маңызды әдіс екеніне көзіміз жетті.

Қорытынды. Студенттердің өзбеттерінше алдын-ала құрастырылған бірнеше кейстері олардың теориялық білімдерін практикалық дағдылармен үйлестіруге, музыка сабағының мазмұнын ерекше жоспарлауға, креативті ойлауын дамытуға, шығармашылық мүмкіндіктерін жетілдіруге, сонымен қатар білім беру үдерісінде инновациялық тәсілдерді ұстануға бағытталған ең қолайлы тәсіл деп айта аламыз.

Музыка сабағының тақырыптарына сәйкес, алдын ала мектеп оқушыларына арнап құрылымдаған студенттердің кейстері практика барысында өздерінің қысқа мерзімді сабақ жоспарын құрастыруда және сыныпта оқушылардың музыкалық білімін анықтауда, ойлау дағдыларын дамытуда оң нәтиже беретіні айқын. Оқушылар шағын топпен жұмыс барысында сабақта меңгерген мағлұматтарымен қатар қосымша кішігірім басқа да әдебиетермен ақпараттарды тауып, зерттеушілік жұмыстарын жүргізе алды. Кейс әдісінің маңыздылығын ойы ашық сыни пікір білдіре алатын, идеяларға бай шешім қабылдай алатын, тәжірибелік дағдыларын терең меңгерген, кез-келген ортада көшбасшылық қабілеттерін көрсете алатын шығармашыл тұлғаны қалыптастыруда көре аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200028916>
2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000726>
3. Бурнаев З., Альшимбаева Г., Шенгельбаев К., Жармаханова Г. Кейс метод как интерактивный метод обучения // *Интернаука*, 2022. - №33-1 (256). – С. 58-61.
4. Маркова А.К. Психология труда учителя: Кн. для учителя. – М.: Просвещение, 1993. - 192 с.
5. Әлімов А. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері. – Алматы, 2013. – 448б.
6. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. 2-е изд. – М.: Политиздат, 1977. - 304 с.
7. Слостенин В.А. Формирование личности учителя в процессе его профессиональной подготовки. - М.: Просвещение, 1976. - 160с.
8. Джердималиева Р.Р. Методическая подготовка учителя музыки. – Алматы: Ғылым, 1997. – 250 с.
9. Бұзаубақова К.Ж. Педагогикалық жағдаяттар: Оқу құралы. – Тараз, ТарМПИ, 2014. – 121 б.
10. Savery J. R. Overview of problem-based learning: Definitions and distinctions // *Essential readings in problem-based learning: Exploring and extending the legacy of Howard S. Barrows*. – 2015. – Т. 9. – №. 2. – С. 5-15
11. Yin, Robert K. Case study research: design and methods. *Applied Social Research Methods*. Vol. 5. ISBN 978-1-4129-6099-1. – 2009. – p. 219.
12. Гончарова С.В. Использование «кейс-задач» в процессе обучения студентов направления «конфликтология» // *Научно-методический электронный журнал «Концепт»*. – 2017. – № 3. – 0,3 п. л. – [Электронный ресурс]: URL: <http://e-koncept.ru/2017/470038.htm>.
13. Гуревич А.М. Ролевые игры и кейсы в бизнес-тренингах. – СПб.: Речь, 2006. – 144 с.
14. Геец Н.Ф. Кейс-стади как технологический метод обучения // *Научно-методический электронный журнал «Концепт»*. – 2017. – № S3. – 0,3 п. л. – [Электронный ресурс]: URL: <http://e-koncept.ru/2017/470037.htm>
15. Егенисова А.К., Дүйсенбаева А. Использование метод кейс-стади в образовании // *Международный журнал экспериментального образования*. – 2013. – № 7. – С. 129-132; – [Электронный ресурс]: URL: <https://expeducation.ru/ru/article/view?id=3841> (дата обращения: 21.02.2023).
16. Нуркешов Б., Мамыкова Р. Эффективность использования stem-обучения на основе case-based learning в процессе преподавания биологии // *Вестник КазНУ. Серия «Педагогические науки»*. - Том 72. - № 3 (2022).
17. Позднякова Е.В., Буяковская И.А., Селезнев А.С. Реализация технологии кейсов при обучении геометрии средствами онлайн-сервисов // *Научный результат. Педагогика и психология образования*. - 2020. -Т.6. - №3. С. 57-68. DOI: 10.18413/2313-8971-2020-6-3-0-5.
18. Плотников М.В., Чернявская О.С., Кузнецова Ю.В. Технология case-study: Учебно-методическое пособие. - Нижний Новгород, 2014. - 208 с.
19. Clyde Freeman Herreid. What Makes a Good Case? Some Basic Rules of Good Storytelling Help Teachers Generate Student Excitement in the Classroom Copyright © 1997/1998, National Science Teachers Association (NSTA). Reprinted with permission from *Journal of College Science Teaching*, Vol. 27, No. 3, Dec 1997/Jan 1998. (дата обращения: 14.02.2023).
20. Попова С.Ю., Пронина Е.В. Кейс-стади: принципы создания и использования. – Тверь: Изд-во «СКФ-офис», 2015. – 114 с.

References:

1. QR Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдесіндегі №2 бұйрығы. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200028916>
2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000726>
3. Burnaev Z., Älşimbaeva G., Şengelbaev K., Jarmahanova G. Keis metod kak interaktivnyi metod obuchenia //Internauka, 2022. - №33-1 (256). – S. 58-61.
4. Markova A.K. Psihologiya truda uchitelä: Kn. dlä uchitelä. – M.: Prosveşenie, 1993. - 192 s.
5. Älimov A. Interbelsendi ädistemeni JOO-da qoldanu mäseleleri. – Almaty, 2013. – 448b.
6. Leontev A.N. Deiatelnöst. Soznanie. Lichnöst. 2-e izd. – M.: Politizdat, 1977. - 304 s.
7. Slastenin V.A. Formirovanie lichnosti uchitelä v proseye ego profesionälnoi podgotovki. - M.: Prosveşenie, 1976. - 160s.
8. Jerdimalieva R.R. Metodicheskaia podgotovka uchitelä muzyki. – Almaty: Ғылым, 1997. – 250 s.
9. Būzaubaqova K.J. Pedagogikalyq jağdaiattar: Oqu qūraly. – Taraz, TarMPİ, 2014. – 121 b.
10. Savery J. R. Overview of problem-based learning: Definitions and distinctions //Essential readings in problem-based learning: Exploring and extending the legacy of Howard S. Barrows. – 2015. – T. 9. – №. 2. – S. 5-15
11. Yin, Robert K. Case study research: design and methods. Applied Social Research Methods. Vol. 5. ISBN 978-1-4129-6099-1. – 2009. – p. 219.
12. Goncharova S.V. İspölvovanie «keis-zadach» v proseye obuchenia studentov napravlenia «konfliktologiya» //Nauchno-metodicheski elektronnyi jurnal «Konsept». – 2017. – № 3. – 0,3 p. l. – [Elektronnyi resurs]: URL: <http://e-koncept.ru/2017/470038.htm>.
13. Gurevich A.M. Rolevye igry i keisy v biznes-treniñah. – SPb.: Rech, 2006. – 144 s.
14. Gees N.F. Keis-stadi kak tehnologicheski metod obuchenia //Nauchno-metodicheski elektronnyi jurnal «Konsept». – 2017. – № S3. – 0,3 p. l. – [Elektronnyi resurs]: URL: <http://e-koncept.ru/2017/470037.htm>
15. Egenisova A.K., Duisenbaeva A. İspölvovanie metod keis-stadi v obrazovanii //Mejdunarodnyi jurnal eksperimentälnoĝo obrazovania. – 2013. – №7.–S. 129-132; – [Elektronnyi resurs]: URL: <https://expeducation.ru/ru/article/view?id=3841> (data obraşenia: 21.02.2023).
16. Nurkeşov B., Mamykova R. Efektivnöst ispolzovania stem-obuchenia na osnove case-based learning v proseye prepodavania biologii //Vestnik KazNU. Seria «Pedagogicheskie nauki». - Tom 72. - № 3 (2022).
17. Pozdnäkova E.V., Buiakovskaia İ.A., Seleznev A.S. Realizasia tehnologii keisov pri obuchenii geometrii sredstvami onlain-servisov //Nauchnyi rezülat. Pedagogika i psihologiya obrazovania. - 2020. -T.6. - №3. S. 57-68. DOI: 10.18413/2313-8971-2020-6-3-0-5.
18. Plotnikov M.V., Chernävskaja O.S., Kuznesova İu.V. Tehnologiya case-study: Uchebno-metodicheskoe posobie. - Nijni Novgorod, 2014. - 208 c.
19. Clyde Freeman Herreid. What Makes a Good Case? Some Basic Rules of Good Storytelling Help Teachers Generate Student Excitement in the Classroom Copyright © 1997/1998, National Science Teachers Association (NSTA). Reprinted with permission from Journal of College Science Teaching, Vol. 27, No. 3, Dec 1997/Jan 1998. (data obraşenia: 14.02.2023).
20. Popova S.İu., Pronina E.V. Keis-stadi: prinsipy sozdania i ispolzovania. – Tver: İzd-vo «SKF-ofis», 2015. – 114 s.